

№53 «Ер-Асыл» бебекжай-бақшасы МКҚК

Ата-аналар жиналысының хаттамалары, баяндамалары

Шымкент

Шымкент қаласының білім басқармасының №53 «Ер-Асыл» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ХАТТАМА

2020 жылғы 09 қыркүйек
Шымкент қаласы

№ 1

**Zoom-арқылы
ата-аналар жиналышы**

Төрайым – А.У.Калибекова
Хатшы – Г.Ж.Жантаева
Катыскандар саны – 75

Күн тәртібінде :

1. «Ата-ана мен балабакшаның бала тәрбиесіндегі рөлі» (Баяндама)
2. №53 «Ер-Асыл» бөбекжай-бақшасының 2020-2021 оку жылдарының мақсат, міндеттерімен таныстыру
3. Тренинг: «Балалардың бөбекжай-бақшага бейімделуі»
4. Пандемия кезіндегі бөбекжай-бақшадағы санитарлық таптардың сакталуы туралы.
5. Ата – аналар комитетінің құрамын сайлау.

Тындалды:

Бөбекжай-бақша басшысы А.У.Калибекова сөз алып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып, бірінші мәселеге тоқтала келе: «Бала үшін дүниеде ең жетілген, білімді де, мәртебелі адам-оның ата-анасы. Ал, ең әдемі де жарық үй – оның туылған үйі. Ата-ананың күнделікті өмір тіршілігіндегі еңбегі, адамның бейнелері, жақсы мінез-құлқы, дұрыс қарым-қатынасы – балаға үлгі. Баланың алдында барынша сабырлы әрі ұстамды болуға тырысу керек, ата-ана өзі үлгі бола отырып, баласын сабырлылыққа тәрбиелейді. Әрбір ата-ана өз баласы үшін-басты тұлға. Сондықтанда да кез-келген бала алдымен үлгіні ата-анасынан алады. Баланың ана тілін толық менгеруі-үлттық-сана сезімін тәрбиелеу, денсаулығын түзету, бала тәрбиелеудің әдістәсілдерін білу жөніндегі дағдыларын қалыптастыру мектепке дейінгі мекемелерге берілген. Тәрбиенің сан алуан келелі мәселесін шешетін, қарапайым дағдыларды бала санасына орнықтыратын алғашқы білім баспаңдары-балабакша. Бөбекжай-бақшада халық педагогикасын бала бойына сіңіре отырып, имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелейміз. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартының бес саласының әр бөлімдерінің ұйымдастырылған оку кызметтерінде салт-дәстүрдің барлық түрлерін баланың бойына сіңірудеміз. Мысалы: тұсау кесу, бесікке салу, тілашар т.б. Мектепке дейінгі үйим тәрбиешілері өз тәжірибелерінде халық ауыз әдебиетінің ішінен жиі мақал-

мәтелдер, жұмбактар, жаңылпаштар, санамақтар, ертегілерді оку қызметтерінде пайдаланады. Бұғінгі күнде жас үрпактың сана сезіміне өз елшің, жерінің тарихы мен мәдениеті туралы алғашқы ұғымдарды кішкентай кезінен қалыптастырамыз. Еліміздің ертенгі болашағы жас үрпакты адамгершілік пен имандылыққа баулу-тәрбиенің басты міндеттерінің бірі. Сонымен қатар, ата-аналар мен мектепке дейінгі ұйымдар ұлттық тәрбиеге де мән бергендері жөн деп, санаймын» -деп, сөзін аяқтады.

Сөз алды:

Сөз жарыска шыққан бөбекжай-бақша әдіскері-Г.Ж.Жантаева жана оку жылымен ата-аналарды құттықтап, жаңа оку жылымын максат, міндеттеріне тоқталып айтып өтті.

Сөз алды:

Келесі сөз кезегін алған психолог-Н.Жуманова «Балалардың бөбекжай-бакшага бейімделуі» тақырыбында тренинг өткізді. Ата-аналар тарапынан балалардың балабақшага бейімделу туралы сұрақтар койылып, бейімделу бойынша толық кеңестер берілді.

Сөз алды:

Сөз кезегін бөбекжай-бақша медбикесі-К.Тилеужанова сөз алды, пандемия кезеңіндегі бөбекжай-бакшадағы санитарлық талаптардың қалай жасалынып жатқандығы туралы айтты. Сонымен қатар күн сайын балалардың дene қызулары тепловизор арқылы өлшеніп, қабылданып жатқандығы және топтарды ультра күлгін сәулесімен уақытылы залалсыздандырып, жалпы санитарлық жұмыстардың жүргізіліп отырғандығын айтты.

Бөбекжай-бақша әдіскері- Г.Ж.Жантаева қоғамдық жұмыстарға, бақшаның іс-шараларына белсene қатысатын ата-аналар арасынан әр топ өз топтарына ата-аналар комитетінің төрайымы мен мүшелерін, ата-аналармен ойласа отырып, дауыска салып, сайлау керектігін ескеpttі. Барлығы бірауыздан ата-аналар комитетінің төрайымы етіп Искакова Галия Маликкызын сайлады.

Бөбекжай-бақша мен ата-ана тығыз байланыста болуының арқасында, балалардың өсіп-өркендеуіне және бөбекжай-бақшаның көркеюіне көп септігін тигізетінін айтты.

Жиналыс соңында бөбекжай-бақша басшысы А.У.Калибекова ата-аналар мен бақша тығыз байланыста болуының арқасында жақсы жетістіктерге қол жеткізуге болатынын айттып, жиналысты қорытындылады.

Қаулы етілді:

- 1.Ата-ана мен балабақша жұмысы тығыз байланыста болсын
2. Жылдық мақсат міндеттер орындалып, барлық топта ата-аналар комитетінің төрайымдары сайлансын.
3. Балалардың балабақшага бейімделу жұмыстары қадағалауға алынсын.
- 4.Бөбекжай-бакшада санитарлық талаптар өз деңгейінде орындалсын.
- 5.Осы қаулының орындалуын бакылау әдіскер- Г.Ж.Жантаеваға жүктелсін.



А.У.Калибекова

Г.Ж.Жантаева

№53 «Ер-Асыл» бебекшай-бақшасы МКҚК

**«Ата-ана мен балабақшаның бала
тәрбиесіндегі рөлі»**

Әдіскер: Жантаева Г.Ж

Шымкент



«Ата-ана мен балабақшаның бала тәрбиесіндегі рөлі»

Балаларды тәрбиелей отырып, ата-аналар еліміздің болашак тарихын, демек, дүниенің де тарихын тәрбиселейді.

А.С. Макаренко.

Тәуелсіз еліміздің келешек ұрпакты тәрбиелеу мәселесі бүгінгі күннің өзекті такырыбы. Бұл мәселенің шешімін табуда үздіксіз білім беру жүйесі айтарлықтай дәрежеде кайта қаралып, оны жетілдіру жолдары іздестірілуде. Бұл алға қойылып отырган негізгі талаптар – Казақстан білім беру жүйесінің бүкіләлемдік білім беру кеңестігіне толық енудің алғашқы даму стратегиясын жасау болып табылады. Айтылған талаптардың жүзеге асырылуы ағытындағы жұмыстың үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы – мектепке дейінгі ұйымдарда баланың білімге деген құштарлығын арттырудан, ұлттымызға тән қасиеттерін бойына сіңірген бала тәрбиелеуден бастағаның маңызы зор. Балабақша – бұлдіршіндерді болашақта ата дәстүрін сақтайды да, ибалы үлкен-кішіні сыйлай білуге үрдепетін тәрбие орталығы. Өмірге келген жас ұрпакты тәрбиелеу ата-аналар мен балабақша тәрбиешілерінің қасиетті борышы.

Бала ушін дүниеде ең жетілген, білімді де, мәртебелі адам – оның ата – анасы. Ал, ең әдемі де жарық үй – оның туылған үйі. Жас баланың дамуында ата-ананың орыны ерекше, сондықтан ата-ана өз отбасында қолайсыз жағдайларды баланың көзінше тудырмауға тырысуы қажет. Отбасындағы ұрыс-керіс баланың жүйесін тоздырады. Кейбір ата-аналар өз перзентін шектен тыс еркелетіп, баланың бетінен қақпай, көңіліне қарап тәрбиелейді. Ал мұндай көріністер баланың бойына кері қасиет пайда болуына тікелей жағдай тууына себеп болады. Ата-аналар балаға отбасылық өмірдің алуан түрлі, қыры мен сырын дүние жүмбактарын танытып, тағылым талғамға, әдептілікке баулуга тиіс. Себебі, ата-ананың күнделікті өмір тіршілігіндегі еңбегі, адамның бейнелері, жақсы мінез-құлқы, дұрыс қарым-қатынасы – балаға үлгі. Баланың алдында барынша сабырлы әрі ұстамды болуга тырысу керек, ата-ана өзі үлгі бола отырып, баласын сабырлылыққа тәрбиелейді. Эрбір ата-ана өз баласы үшін басты тұлға. Сондықтанда да кез-келген бала алдымен үлгіні ата-анасынан алады. Бала әкеден ақыл, анадан мейір алады. Ата-ана баласымен пікірлесуде бейауыз сөздерді колданбай, дөрекілікпен жеке басын қорламай, мейірімді, табиги, жылы ақылды сөздер айттып өнеге бола білсе, тәрбие де табысқа жетеді, өйткені, жақсы сез жан семіртеді. Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық ұжымы ата-аналармен бірлесіп, баланы өсіріп тәрбиелеудегі басты мақсат қоғамдық өмірге «түзу кірпіш қалау» екенін ескере отырып, ал осы максатты жүзеге асыру үшін, алдындағы қандай болмасын қындықтарын жену, соган сәби кезінен төмендегі мынадай көзқарастарды негізгі ұстаныным ретінде қабылдау. Көзқарастар мыналар: Баланы сәби ол әлі ештеңе білмейді,

ұкпайды деп жай көзбен карамау керек, өйткені ол да өсіп келе жаткан тұлға. Баланы әр уақытта шындыққа үрдепту. Еш уақытта алдамай, шындықты ашып айттып сол жағдайға дұрыс көзқараспен қарауға жағдай туғызу. Баланың өз ісін уақытымен күнде қадағалау, бақылау. Баланың әр бір ісін қадағалап, оған деген көзқарастан нәтиже шыгаруға көмектесу. Қандай жағдай болса да, ұрпағын

жауын мен жел отінен, жаман әдептегі корғап, өз бойындағы ең жақсы қасиеттерін сініру, ана уызбен бірге ұлттық дәстүр қайнарына қондырып өсіру әке мен ананың ұлы борышы. Дені сау, рухы таза, ана тілін толық менгерген үрпак өсіру казіргі кездегі ең негізгі мәселе. Бала тәрбиесінде отбасы басты орын алады. Баланың ана тілін толық менгеру . ұлттық-сана сезімін тәрбиелеу, деңсаулығын түзету, бала тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін білу жөніндегі дағдыларын қалыптастыру мектепке дейінгі мекемелерге берілген.

Тәрбиенің сан алуан келелі мәселесін шешетін, карапайым дағдыларды бала санасына орнықтыратын алғашқы білім баспалдағы – балабақша. Балабақшада халық педагогикасын бала бойына сініре отырып имандылыққа, адамгершілікке тәрбислейміз. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартының бес саласының әр бөлімдеріндерінің үйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде салт-дәстүрдің барлық түрлерін баланың бойына сінірудеміз. Мысалы: тұсау кесу, бесікке салу, тілашар т.б. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілер өз тәжірибелерінде халық ауыз әдебиетінін ішінен жиі мақал-мәтелдер, жұмбактар, жаңылтпаштар, санамактар, ертегілерді оқу іс-әрекеттерінде пайдаланады. Бұгінгі күнде жас ұрпақтың сана сезіміне өз елінің, жерінің тарихы мен мәдениеті туралы алғашқы ұғымдарды кішкентай кезінен қалыптастырамыз.

Баланың өмірге кадам басардағы алғашқы қымыл-әрекеті ойын. Сондыктан оның мәні ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев «Ойын ойнап, ән салмай өсер бала бола ма?» — деп айтқандай баланың өмірінде ерекше орын алады. Ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына ықпал ететін тәрбие құралы. Ойын баланың барлық қабілетінің дамуына, айналасындағы дүние жайлы түсініктерінің кеңеюіне, тілінің дамуына, құрбыларымен жақындасуына көмектеседі. Өйткені бала нәресте шағынан бастап адалдыққа, батылдыққа, мейірімділікке, еңбек етуге тәрбиелеудің құралы ойын. Осыған орай бұгінгі күндері тәрбиешілер алдында балаға білім., білім дағдыларын игеріп қана қоймай, қабылдауын, ойлауын, киялын, сезімін, ерік-жігерін жан-жақты етіп дамыту міндеттері тұр. Болашақ қоғамымыздың тағдыры да бала тәрбиесіне тікелей байланысты. Қоғамды дамытушы да, ілгері апарушы да осы жас жеткіншектер. Тәрбиенің сан қылы дағдыларын бала бойына дарытатын алғашқы білім баспалдағы – балабақша, жол сілтеп, жетелеп, үйретуші – тәрбиеші. Балабақшадағы тәрбие – қазаки ұлттық сана, ұлттық психология қалыптасқан парасатты, адамгершілік қадір – қасиеті мол, физикалық және моральдық жоғары белсенді жеке адамды қалыптастырып шығару процесі болып табылады. Тәрбиелеу мен білім берудің әрекеті практикалық процесс

үстінде қалыптастырылады. Тәрбиелеу мен оқытудың міндеттері баланың осы іс-әрекет түрлерін қалыптастыру және оны белгілі бір мақсатқа бағыттап отыруды көздейді. Ойнау, еңбек ету, және білім алу барысында ақыл-ой, адамгершілік, физикалық және көркем тәрбие, даму процесі қатар жүреді. Бала осы кезде белгілі дәрежеде білім алады, іскерлікке үйренеді, өзін қоршаған ортамен карым-катаинас жасауга, қоғамдық өмірдің әдет дағыларын игеруге

бейімделеді. Іс-әрекеттің таң осы түрлерін ғана дамыту арқылы тәрбиелу білім беру міндеттерін шешуге, бала дамуын дұрыс жолмен бағыттаң отыруға мүмкіндік туады. Жақсы ойнап, енбек ете билетін әрі оқуға қабілетті баланы ересек адамдар мен балалар қоғамында өмір сұруге қажетті қасиеттерді толық игерген тәрбиелі бала деп аталуы мүмкін. Жоғарыда аталаң өткен іс-әрекеттің әркайсыны бала дамуына өзіндік, өзіне тән үлесін қосады. Мысалы, тәрбиенің ең маңызды міндеті саналатын ақыл-ой тәрбиесінің өзі бала ойының: енбекін және балалардың оқуын үнемі бағыттаң отыру арқылы жүзеге асатыны бізге балаларды тәрбиелу тәжірибесінен таныс. Адамгершілікке тәрбиелу міндеттері жөнінде де осыны айтуға болады. Бала өзін-өзі көрсете білсе, ендеше ойын, оку енбекте адамгершілікке тәрбиеленеді деген сөз. Өйткені, мұнда олардың өзара ересек адамдармен карым-қатынасы қалыптасады. Іс-әрекеттің әрбір түрінде осылайша өзара үштасып жататын педагогикалық мүмкіндіктерді ескере отырып, мектепке дейінгі үйымдарда балалардың тіршілік әрекеттерін, тәрбиелік мақсатқа сай үйымдастыра аламыз. Ойын, енбек, оку арқылы біз балаларға белгілі бір түргыдан ықпал жасай аламыз. Бірақ біз іс-әрекеттер ойын, енбек, оқыту өзара үштасқан жағдайда ғана баланың жеке басын дамытуда

толық нәтижеге жете аламыз. Балабақшаның негізгі міндеті – баланың жеке басының бастапқы қалыптасуын қамтамасыз ету. Бұл жас баланың ақыл-ойының дамуы мен даярлығы үшін қолайлыш кезең. Осы кезеңде бала оку мен тәрбиені қалыптастыруға, өз қызметін білуге, тілдік катынастың қарапайым тәжірибесінде өзін-өзі таныта білуге, мінез-құлық мәдениетіне, жеке гигиеналық және салауатты өмір салтының негіздеріне бағдарланады.

Еліміздің ертенгі болашагы жас үрпакты азаматың пен имандылық баулу – тәрбиенің басты міндеттерінің бірі. Сонымен қатар ата-аналар мен мектепке дейінгі үйымдар үлттық тәрбиеге де мән бергендері жөн. Бұл саладағы күш – жігер алдымен бұлдіршіндерді отандыққа тәрбиелеуге бағытталады. «Отан» деген үгім балаға дүние есігін ашқан үйі, ата-анасы, ағайын туыстары, тұған жері, кен – байтақ ғұлжазира даласы, тау – тасы, өзен – көлі, сылдырап акқан мөлдір бұлагы бейнесінде кабылданып, ең қасиетті де құдіретті алтын бесігі ретінде үйретуге тиіспіз.

Жас үрпакты кішкентайынан салт-дәстүрлер рухында баулу, құлағына сініру әдет-дағдысына айналдыру – парызды іс. Қазақ сөз өнерін қатты құрметтеген халық: «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Жақсы сөз жан семіртер. Сонымен қатар балага «сіз», «ракмет», «кешіріңіз», «өтінемін» деген сияқты сыпайылықты білдіретін сөздерді үлкендерге айтып жүргүре үйрету, оған дағдыландыру ата-аналар мен тәрбиешілердің міндеті. Халқымыздың дәстүрінде қол алысып амандаусуға ерекше көңіл белгенді, жас баланы сәби кезінен үлкендермен қол алысып амандаусыға тәрбиелейді. «Көкене қолынды беріп аманда», «Ағаңын қолын ал», «Атана екі қолынды бер» деп үйретеді. Ондай кезде үлкендер яғни аталар, әжелер «Ой азамат болыпты ғой!», «Таудай бол!» деп баланың қолын алып, сөлем беруге ынталандыратын сөздер айтып ынтастын тудырады. Баланы жастайынан осындай инабаттылыққа баулу, ол есейгенде сыпайы, әдепті жан болып қалыптасуына септігін тигізеді.

Шымкент қаласының білім басқармасының №53 «Ер-Асыл» бебекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ХАТТАМА

2021 жылғы 15 сәуір
Шымкент қаласы

№2

**Zoom платформасы
арқылы откізілген
ата-аналар жиналышы**

Торайым – А.У.Калибекова
Хатыш – Г.Ж.Жантаева

Қатыскандар – 73 ата-ана

Күн тәртібінде :

1. «2020-2021 оку жылдарының қорытындысы»:
 - жылдық жұмыс қорытындысы;
 - отбасы тәрбиесінен тәжірибе;
 - жазғы мезгілге міндеттер.
2. Жазғы сауықтыру шараларының жоспарымен таныстыру
3. Бебекжай-бақшаның оку-тәрбие жұмыстарына ата-аналардың ой-пікірі.

Тындалды:

Бебекжай-бақша басшысы-А.У.Калибекова сөз алғып, ата-аналарды балалар ушін біріге жұмыс жасап, ынтымактастық білдіргендегіне рахмет айттып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өтті.

Сөз алды:

Бірінші мәселеге токталған әдіскер-Г.Ж.Жантаева «бебекжай-бақша үйимының қызметіне ата-аналар комитеті белсене қатысты. Жылдық жоспарга сай отбасы және бақша арасында тығыз байланыс жүргізіліп, ата-аналарға оку жылдарының міндеті және мақсатымен таныстырылып, ата-аналар комитеті сайланды. «Келініз, танысайық» дәңгелек үстел қырқүйек айында откізілсе, баяндама желтоқсан айында оқылды. Қараша айында «Бала құқығы-адам құқығы» Республикалық онкүндікке ашық есік күнін және сурет кормесін үйимдастырып, ата-аналар да өз үлестерін қости. Желтоқсан айында «Гәуелсіздік-тірегім» атты мерекелік ертеңгілікке байланысты ашық есік күні үйимдастырылып, «Сіздің пікіріңіз бер ұсынысыңыз» тақырыбында сауалнама жүргізілді. Наурыз айында «Ана-өмір шуағы», «Армысың әз Наурыз» атты ертеңгіліктер өз деңгейінде өткізілді. Абай Құнанбаевтың 174 жылдығына орай, «Олмейтүғын артында сөз қалдырган» іс-шара жоспарына

сай, бакшада бүйрек шыгарылып, іс-шара жоспары күрылып, жоспарға сәйкес жұмыстар аткарылуда. «15 мамыр Халықаралық отбасы күні» мерекесіне орай, «Әкем, шешем және мен» спорттық сайыс өткізілді. Мамыр айында «1 мамыр- Қазақстан халқының бірлігі күні», «9 мамыр Женіс күні» мерекелеріне арналған ертенгіліктер жоғары деңгейде өткізілді. Сонымен катар, ата-аналар жыл бойы үйымдастырылған ашық үйымдастырылған оқу қызыметтеріне және мерекелік ертенгіліктерге, спорттық іс-шараларға белсенді катысын, бақша үжымына өз ризашылықтарын білдірді» -деп сезін аяқтады.

Тыңдалды:

Бебекжай-бақша басшысы-А.У.Калибекова сез алғып, жазғы сауықтыру шараларының жоспарымен таныстыру үшін бақша әдіскеріне сез берді.

Сөз алды:

Бақша әдіскері- Г.Ж.Жантаева жазғы сауықтыру шараларының негізгі мақсат, міндеттеріне тоқталды: «Мақсаты: Балалардың жазғы демалысының әсерлі өткізуіне, мейлінше қолайлы жағдай жасау, танымдық, жан-жақты қызыгуышылығы мен қабілетін дамытуға ықпал ету.

Міндеттері: Бала деңсаулығын нығайтуда жаз маусымындағы ауа-райының тамаша мүмкіндіктерін пайдалану, шынықтыру шаралары арқылы кимыл-әрекеттің таза ауада өткізу»-дей келе, жазғы сауықтыру кезеңінің күн тәртібіне 01 маусымнан бастап көшу керек. Жазғы сауықтыру шараларының жоспарына сай, үйымдастырылған оқу қызыметтері ойын түрінде өткізіледі. Сауықтыру-шынықтыру шаралары-таза ауада өткізілетін іс-шаралар, танертенгі жаттыгулар, таза ауадағы кимылды ойындар, сумен өткізілетін іс-шаралар, серуеннен кейінгі беті-колды салқын сумен жуу, суланған жерде журу, таза ауада дene шынықтыру сабактарын өткізу. Әртүрлі тақырыпта сурет көрмесі үйымдастырылады»-деп сезін аяқтады.

Сөз алды:

«Әсел» ортаңғы тобының ата-анасы Бауыржанқызы Айнур №53 «Ер-Асыл» бақша үжымының оку-тәрбие жұмыстарына он баға беріп, «Ата-аналар атынан шынайы алғысымызды білдіреміз және ел ертеңі-жас үрпақты тәрбиелеудегі ерен еңбектеріңізге жеміс тілейміз», -деп алғысын білдірді.

Жиналыс сонында бақша басшысы-А.У.Калибекова: «Ата-анамен бақша арасындағы тығыз қарым-қатынас, бірлік, ынтымақ жарасым тапқан жағдайда, оның бала тәрбиесіне тигізетін ықпалы да нәтижелі болмақ. Біздің мақсатымыз- XXI ғасыр талабына сай жаңашыл, шығармашыл, мәдениетті, жан-жақты сауатты жеке тұлға тәрбиелеу.», -деп жиналысты қорытындылады.

Қаулы етілді:

1.2020-2021 оку жылының жылдық корытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.

2.Жазғы сауықтыру шараларының жоспары басшылыққа алынып, жұмыстар өз деңгейінде жүргізілсін.

3.Осы қаулының орындалуын бақылау әдіскер-Г.Ж.Жантаевага жүктелсін.



Төрдійым!

Хаттық:

А.У.Калибекова

Г.Ж.Жантаева